Әділет

# 2000-2001 жылдарғы қысқы кезеңінде облыс су тоғандарындағы балықтың жаппай қырылу мүмкіндігін болдырмау шаралар туралы

Атырау облысы әкімінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 24 шешімі. Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 26 қаңтарда N 329 тіркелді

Облыс су тоғандарындағы балықтың жаппай қырылу мүмкіндігін болдырмау мақсатында шешім етемін:

1. Облыс су тоғандарында балықтың қыс мезгілінде жаппай қырылу мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шаралар бекітілсін (тіркеледі).

2. Биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесі (Қ. Сүлейменов), облыстық айналадағы ортаны қорғау басқармасы (М. Әбдрахманов), Қазақ балық шаруашылығын зерттеу институтының Атырау бөлімшесі (Ю. Ким), ветеринария-бактериологиялық лабораториясы (Қ. Уанов), "Атыраусушар" аймақтық мемлекеттік кәсіпорны (Б. Қуанов) қыстайтын балықтың жағдайын, облыс су тоғандарының гидрохимиялық тәртібін бақылауды күшейтсін.

3. Қала мен аудан әкімдері облыс су тоғандарында балықтың қырылу мүмкіндігін болдырмау жөнінде шараларын орындауда шаралар қабылдансын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н. Мақашевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімінің
2000 жылғы 13 қаңтардағы N 24
шешіміне қосымша

## 2000-2001 жылдардағы қысқы кезеңінде Атырау облысы су тоғандарында балықтың қырылу мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шаралар

------------------------------------------------------------------- N Шаралар атауы Орындалу мерзімі Жауапты орындаушылар -----------------------------------------------------------------

1. Облыстың балық қырылу 2000 жылғы 31 Индер, Махамбет, қаупі бар су тоғандарын желтоқсанға дейін Құрманғазы, Исатай, зерттеп есепке алу . Жылыой, Дамбы,Атырау Қыстайтын балықтың тұрақты түрде Жайық-Каспий жағдайын үнемі бақылау 2001 жылғы 20 биоресурстарды наурызына дейін қорғау инспекциялары

2. Індет қатерлі су Балықтың қырылу Биоресурстарды тоғандарында балықтың
қауіпі бар мезгіл қорғау жөніндегі
қырылуына қарсы шараларды қаңтар, ақпан, Солтүстік Каспий
мезгілінде, өткізуге наурыз айлары. аймақтық мекеме
барлық меншік түрдегі
кәсіпорындармен келісім
жасау.
3. Жайық, Қиғаш өзендерінде 2000-2001ж. мұз қату Ветбаклаборатория балықтың
эпизоотикалық кезінде тұрақты РМК, ҚазБШҒЗИ АБ, және физиологиялық
қорғау аудандық
биоресурстар жағдайын . инспекциялары
бақылауды қамтамасыз ету
4. Жайық, Қиғаш өзендерінің Мұз қату мерзімінде ҚазБШҒЗИ Атырау
толық химиялық талдау мен оттегі мөлшері бөлімшесі,
ерітілген оттегі мөлшеріне төмендегенде 10 күнде облыстық
сынама сұрыптауды жүргізу. 1 рет, 5 мг\л-ден айналадағы ортаны
төмен қойылтылғанда қорғау күн сайын
басқармасы
5. Ерітілген оттегі мөлшері Оттегі мөлшері Атыраубалық АҚ,
төмендеген жағдайда 5мг\л-ден Амангелді,
өндірістік кооперативтер төмендеген Құрманғазы,
бригадаларының, фирмалардың, жағдайда Жамбыл, Еркінқала,
уақ жеке меншік кәсіпкерлердің, Ракуша ӨК, Тіршілік,
шаруашылық қожалықтардың, ЖШС, Тілекші, Қиғаш,
аңшылар мен балық аулаушылар Ш. Сүлейменов,
қоғамының күшімен Солтүстік Бірлестік,
Каспий аймақтық биоресурстарды Каспбалық ӨК.
қорғау мекемесімен келісілген
жерде Жайық, Қиғаш өзендерінде
мөлшері 25м-100м үкі оюды ұйымдастыру.
6. Нарын, Қараөзек, суландыру Мұз қатқанға Атыраусушар
каналдарында балық қырылуын дейін мемлекеттік
болдырмау мақсатында Жайық кәсіпорын
өзенінен бас станциялармен
су айдауды жүргізу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК